



## Қызылорда облысы Қызылорда қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 907 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 13-бабының 5 ) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 2 ) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қызылорда қаласының әкімшілік аумағынан жалпы алаңы 6955 гектар жердің бір бөлігін Қызылорда қаласының шекарасына (шегіне) қосу жолымен «Қазақстан Республикасы Үкіметіне Қызылорда облысы Қызылорда қаласының шекарасын (шегін) өзгерту жөнінде ұсыныс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 22 қазандағы № 148 шешіміне және Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 22 қазандағы № 326 қаулысына келісім берілісін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* **К. Мәсімов**

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

5

т а м ы з д а ғ ы

№ 9 0 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

## Қызылорда қаласының әкімшілік аумағынан Қызылорда қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің бір бөлігінің

### экспликациясы

Қызылорда қаласының шекарасына (шегіне) қосылатын жерлердің ауданы (гектар)	Оның ішінде:			
	орман қорының жері	су қорының жері	босалқы жерлер	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер
6955	3051,0	458,6	3390,2	55,2
Жерлердің жиыны: 6955				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК